

ҰЛЫ ТҮРКІ КЕҢІСТІГІ

Ұлы Түрік Қағанатыны мемлекеттінің гүлденуі I-мың жылдықтың жартысынан бастау алады. Ұлы түркілер жайында Теркин ежелгі түрік ескеркішінде айтылады. Атақты тюрколог ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы ондағы жазуларды оқыған: «Біз мемлекеттілікті 300 жыл бойы сақтап тұра алдық», яғни 456 жылдан 751 жылға дейін [1, 3 б.].

«Менің тағым – ертоқым, бүкіл әлем – менің державам» деп ұран тастаған Ұлы даланың императоры Аттила батысқа жорығында Ұлы түрік мемлекетінің үстімен өткен болатын. Бұл Ұлы Даланың билеушісі Аттиланың Батысқа бағытталған жорығымен тікелей байланысты. Еуразия халқын бағындырудағы оның ұстанған ұраны «бірігу» және жаңа «Ел Тәңірін» («Аспан мемлекеті») құру болды.

Аттила Рим мен Византияны бағындырып өз заңдары – Мәңгі Көк Тәңір заңдарын орнатты. Рим консулы Ромуланың айтуынша: «Осындай аз уақыт аралығында Скиф пен өзге мемлекеттерді билеушілердің ішінде ешкім Аттила сияқты осыншалықты ұлы істерді атқара алмаған. Оның иелігіне мұхитта орналасқан аралдарда енді. Әскери қолының күштілігіне төтеп берер қарсы қол болмады» [2, 74 б.].

Ұлы Аттила түркі кеңістігі, еуразиялық ұғым негізін қалады. Тынық мұхитынан Римге дейін, Алтайдан Дунайға дейінгі кеңістікте көшпенділердің қаһарлы шабысы және түркі үні естілді.

552 жылдары түрік қағанаты күшейе түсті. Ұлы Түрік Қағанатының негізін қалаушы Ел хан-Бумын, ал Батыс Түрік Қағанатын – Естеми, Бумын қағанның кіші інісі қалады. Осы кезеңдерде Азияда әлемнің төрт патшалық концепциясы кеңінен таралған еді, бұл кең аймақтар мен ірі мемлекеттерді сипаттады. Әр «Әлем патшалығы», қазіргі көзқараспен, өзіне ғана тән артықшылықтарға ие болған.

Суй династиясының билігімен біріктірілген Қытай сияқты мемлекет (589-618), кейін Таң мемлекеті (618-907), үнді патшалығы, Тынық мұхитынан Қара теңізге дейінгі және Парсы мен Византия енген түркі бірлестігі, әлемнің төрт бұрышында орын тепкен әлемнің төрт монархиясы идеясына негіз болған: оңтүстіктегі пілдер патшалығының империясы (Үндістан), батыстағы асыл тастар патшалығы (Иран мен Византия), солтүстіктегі жылқылар патшалығы (Түрік қағанаты), шығыс халқы патшалығы (Қытай) [3, 68-69 бб.].

Орхон өзенінің бойынан 732-733 жылдары Түркі қағаны Күлтегінге арнап жазылған үлкен құлпытаста былай делінген: «Жоғарыда көк аспан, төменде қоңыр жер жаралғанда екеуінің ортасында адамзаттың баласы жаратылған. Адамзаттың баласын менің бабаларым – Бумын мен Естеми қаған басқарған. Қағанаттың гүлденуін жақтаған олар түркі халықтарының заңдарын бекіткен» [4, 36 б.].

Ежелгі түрік жазбаларында Махмұд Қашғаридың айтуынша, Ұлы Оғыз қаған түрік заңдарының негізінде өзінің жиырма екі тайпасына атау мен өзіндік рулық белгі – тамға берген. Бұл туралы ежелгі түрік эпосы «Оғыз қағанда» айтылады, түріктердің ұлы қағаны Оғыз өз халқына билік еткен күнінен бастап түріктердің рулық тамғасы түркі елінің елтаңбасы екендігін жария етеді, сұр қасқыр – қаһарлы жігер, ал күн – мемлекеттіктің белгісі [5, 56 б.].

Түрік мемлекетінің аумағы алғаш рет осы ежелгі түрік жазба ескерткіштерінде тіркелген, мұнда Қадырхан аймағы (Үлкен Хинган), шығысында Темір Қапығ (Темір қақпа), батысында Иранмен шектескен Кавказ таулары жазылған. Ұлы түрік қағанатының темір қақпасына парсылар Дербент атауын берген.

Ежелгі түрік жазбаларына сүйенсек, тамға сөзі (өзіндік рулық белгі) және теңге (ақшалық номинал) ежелгі түрік таңба (елтаңба, мөр) сөзінен шыққан.

Ежелгі түркі қоғамында тамға басты қызмет атқарды – олар маңызды мемлекеттік құжаттарда бекітіліп, ірі қара мен тауарларда басылды, сонымен қатар геральдік белгі мен мемлекеттік таңба ретінде қолданды.

Әрбір түрік тайпаларында өздерінің белгілі бір бекітілген территориялары болды, олардың шекараларында кедендік тастар – тамғалы тас қойылған.

Көшпенділер өздерінің жеке малы мен меншік заттарына тамға салумен белгілеп отырды. Өзге тайпаларға малды немесе тауарды сатқан кезде қағанмен бекітілген бажы арқылы өткізілді.

Профессор Б.Н. Габричидзенің айтуынша «Татар-моңғолдардың орыс жерін жаулап алуынан кейін орыс тіліне түркі тайпалардың белгі, тавро ретінде танылатын тамға сөзі тамырланып кетті.

Кейіннен жәрменкелерде тауарларға қойылатын салықтар да осылай атала бастады. Тамжіт етістігі тамға сөзінен алынған, яғни тауарды салықпен өткізу, ол кейіннен кеден деп аталып кетті. Ал қызметтегі адамдар кеденшілер деп аталды. Осыдан «кедендік бас» (жоғарғы кеденші), «кедендік грамота» сөз тіркестері пайда болған.

Ежелгі керуен жолдарында сауда керуеншілерінен кедендік салық ретінде – бажы алынған. Кейіннен түркі тайпаларының шекараларында керуен мен тауарларға салынатын баж салығының өсуіне байланысты дау шыға бастайды. Тауар тиелген платформа кеден деп, ал төменгі қабаты еден деп аталды. Платформадағы тауардың салмағы, көлемі және құндылығына байланысты кедендік салықтың көлемі өзгеріп отырды.

Тамғашылар мен сатушы арасында тауарға салынатын кедендік салықтың көлемін анықтауда бажы салығының мөлшеріне қатысты даулар туындап отырды. (осыған байланысты қазақта ежелден жаңылтпаш қалған «Кеден кеден болды, кедергі неден болды?») [6, 543 б.].

Кейіннен шекараларда тауардың кедендік көлеміне қатысты дау жанжалды білдіретін кеден сөзінің толық түсінігі бекітілді. Сол жылдары кеден шекаралық кедендік қызметті атқарса, ішкі кедендікте - бажыхана болды.

Кедендік бақылау орнатылған керуен жолдары мен шекараларда тамғашыларға арналған саудагерлерге қатысты арнайы ережелер бекітілген. 1069жылғы «Саудагерлер туралы» ежелгі түрік Нұсқаулығында: «Саудагерлер ешқашан сауданы, пайда табуды тоқтатпайды. Олар әлемнен тыс жүреді... Өздерінің ойларымен сезімдерін құдаймен байланыстырады. Осындай саудагерлер келгенде және кеткенде әрдайым олармен байланыста болу керек, олар сауда жасау жөнінде ұсыныс жасаса орында... Шығыстан батысқа дейінгі аймақты байланыстырып жүрген саудагерлер сенің арманыңдағыны алып келіп береді. Әлемнің таңқаларлық көптеген бағалы заттарын солардан таба аласың... Әлемді аралаған саудагерлер болмағанда, бұлғынның терісін теріс айналдырып жамылып жүретін еді! Қытай керуендері сауда жолдарын (таразы) құртып жібергенде, көптеген тауарлар қайдан пайда болар еді?! Саудагерлер болмаса тізбектелген маржан тастарды ешкім көрмес еді... Міне осындай саудагерлермен байланыста болып, қақпаны әрдайым ашық ұстау керек... [7, 297 б.].

Кәсіпкерлік сауданы дамыту жайында сөз қозғағанда, осыдан X ғасыр бұрын болған құжатты тілге тиек етеміз, өйткені ол осы күнге дейін өзекті. Нұсқаулықтан көріп отырғанымыздай кеденшілер саудагерлермен араласып, көмектесуге міндетті, оларға қақпаны ашық ұстау, жақсы жақтарын мойындау керек өйткені солардың қызметінің арқасында сауда дамып, базарлар әртүрлі тауарлармен толығып отырған.

Түрік қағанатында салық және кеден бажын жинаушылар жоғарғы биліктегілер болып саналды. Жоғарғы қаған салық жинау қызметіне тархан атауына ие болған рубасылардың ішінен сайлап отырды. Тархандар барлық салық түрінен босатылып отырған, тапқан табыстарын өзгелермен бөлісуге рұқсат болмаған, ұлы ханға еркін кіре беретін болған, тоғыз рет жазадан босатылып отырған. Көшпелі қоғамдағы тархан мағынасын Н.П. Рычков былай деп жазған: «Тархан дала халықтарының княздық дәрежесінің бірі. Халық арасында шешімін дұрыс таппаған істерге ханның дәрежесінде кеңес беріп отырған» [8, 202 б.].

Тоныкөк ежелгі түрік жазбаларында «тархан» терминін атақты құрметті мағынасында кездестіреміз [9, 75 б.]. Фасмера этимологиялық сөздігінде «тархан» қызмет деген мағынасында берілген. Қытай деректерінде «тархан» термині «шан-юй», «дан-ивай» - дархан, тархан сөздерінен шыққан деп айтылады [10, 97-110 бб.]. «Записки из военной крепости Миран» атты қолжазба кітапбында әскеи және азаматтық шендердің тізімі көрсетілген. Тізіммен қоса «атқаратын қызметі немесе әскери атағы, мысалы: апа-тархан (жоғары қолбасшы), сенгун (қолбасшы), шор (эля билеушілерінің жоғары билеушілерінің бірі) және т.б.» [11, 23-22 бб].

Тархан, қазіргі заман тілінде Түрік қағанатында жоғары әкімшілік шен деген мағынаны білдіреді. Мемлекеттің шекара қызметін, елшілік және қаржы істерін бақылау әкімшілік шеніндегілердің міндеті болып саналған. Оның қолында мемлекеттің қазыналық мөрі – тамға болған. Тархандар шекара, дипломатиялық, кедендік, салық және сауда істерін басқаруда ерекше басымдық танытты. Тархандықтардың шыншылдығы мен тұрақтылығының арқасында қағанаттың әскери экономикалық күші бағынышты болды [12, 10 б.].

Ұлыстардың санына байланысты (облыс басқармалары) және тархандардың санына байланысты мемлекеттің ұлылығы анықталып отырған. Буддалық табынушы Сюян Цзан 629 жылы Суяб қаласында болғанда, түрік империясының астанасы жайында былай деп жазады: "Шет жерліктердің жылқылары керемет екен. Қағандары жасыл жібектен тігілген шапан киіп алған екен. Оны екі жүзге жуық тархандықтар алып жүрді, тархандар паршадан тігілген шапанда болды,

шаштарын өріп арттарына қояды екен. Қалған әскерлер, діни киімде, астарланған терілерде және жеңіл бас киімдер киіп, өздерімен қоса айбалта, садақ қаруларын асынып жүреді екен. Ат пен түйе үстінде жүргендердің саны көп, көзбен санын айта алмайсың, қағанның киіз үйіне қарасаң алтынға көзің шағылысады [13, 88 б.].

Ұлы түрік қағанаты, әскери күші және қаржы жүйесінің мықтылығының арқасында экономикалық күш қуаты мығым дамыған мемлекетке айналды. Ұлы түріктер жаңа жерлерді игеру барысында, ежелгі Байкал жағалауларынан және әулие Алтай тауларынан батысқа қарай ұмтылып, Жерорта теңізіне дейін жеткен. Түркілердің жартысы Беринг бұғазы арқылы Америкаға дейін жеткен.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сарткожаұлы Қаржаубай. 745-760 жылдардағы біріккен түрік қағанаты. – Астана: «Фолиант», 2002.
2. Аджи Мурад. Европа, тюрки, Великая степь. М., Мысль, 1998.
3. Абылхожин Ж.Б., Бурханов К.И., Кадырбаев А.Ш., Султанов Т.Ж. Страна в сердце Евразии (сюжеты по истории Казахстана). - Алматы: Қазақ университеті. 1998.
4. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Изд. АН СССР, М.Л., 1951.
5. Барманқұлов М.К. Түрік әлемі. -Алматы: Білім, 1996
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. VI том, Алматы, "Ғылым", 1979
7. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Изд. АН СССР, М.-Л. 1951.
8. Казахстан в XV-XVIII веках (вопросы социально-политической истории) - АН Казахской ССР. ИИАЭ им. ч. ч. Валиханова. - А. 1969.
9. Вельяминов-Зернов В.В. Источники для изучения тарханства, жалованного башкирам русскими государями. // Приложение к ЗАН. - Т. 4. № 6. - СПб. 1864.
10. Беляев И.Д. О монгольских чиновниках, упоминаемых в ханских ярлыках. //Архив историко-юридических сведений, относящихся к России. Кн.1. 1850.
11. Кузембаев Н.Е. Анализ социальной титулатуры древних тюрков.// Қазақстан тарихы мен этнологиясының мәселелері. -Караганда, 200115. Абсеметов М.О. Қазақстанның кеден ісі (тарих, тәжірибе, келешек). Оқу құралы. Астана: «Ресми-Табыс», 2001.
12. Известия АН Каз.ССР. "Серия истории археологии и этнографии". 1960. Вып. 3.
13. Каримуллин А. К вопросу о генетическом родстве отдельных языков индейцев Америки с тюркскими. - В кн.: Вопросы географии США, Л., 1976.